

*Утверждены  
постановлением Правительства РК  
от «09» ноября 2016 года № 685*

**Правила  
установления и выплаты вознаграждения за информацию,  
которая помогла предотвратить или пресечь акт терроризма**

**1. Общие положения**

1. Настоящие Правила установления и выплаты вознаграждения за информацию, которая помогла предотвратить или пресечь акт терроризма (далее – Правила), разработаны в соответствии с пунктом 3 статьи 9 Закона Республики Казахстан от 13 июля 1999 года «О противодействии терроризму» и определяют порядок установления и выплаты вознаграждения за информацию, которая помогла предотвратить или пресечь акт терроризма.

2. Выплата вознаграждения производится за счет бюджетных средств, предусмотренных уполномоченному государственному органу по координации деятельности в сфере противодействия терроризму (далее – уполномоченный орган) на соответствующий финансовый год на данные цели.

**2. Порядок установления и выплаты вознаграждения за информацию,  
которая помогла предотвратить или пресечь акт терроризма**

3. Лицам, сообщившим информацию, которая помогла предотвратить или пресечь акт терроризма, уполномоченным органом выплачивается вознаграждение.

Вознаграждение выплачивается единовременно и устанавливается в следующем порядке:

1) по уголовным делам об акте терроризма, предусмотренным частями первой и второй статьи 255 Уголовного кодекса Республики Казахстан от 3 июля 2014 года (далее – УК), – 750 (семьсот пятьдесят) месячных расчетных показателей (далее – МРП);

2) по уголовным делам об акте терроризма, предусмотренным частями третьей и четвертой статьи 255 УК, – 1000 (одна тысяча) МРП.

В случае отказа от вознаграждения, лицо, сообщившее информацию, которая помогла предотвратить или пресечь акт терроризма, подает в территориальный орган уполномоченного органа (далее – территориальный орган) соответствующее заявление.

4. Вознаграждение лицу, сообщившему информацию, которая помогла предотвратить или пресечь акт терроризма, выплачивается в случае, если в отношении виновного лица:

1) вступил в законную силу обвинительный приговор или постановление суда о применении принудительной меры медицинского характера в соответствии со статьей 521 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан от 4 июля 2014 года (далее – УПК);

2) вынесено постановление о прекращении уголовного дела по основаниям, предусмотренным подпунктами 9), 11) и 12) части первой статьи 35 УПК.

5. Территориальный орган в течение трех рабочих дней уведомляет лицо, сообщившее информацию, которая помогла предотвратить или пресечь акт терроризма, о возникновении права на получение вознаграждения.

Лицо, сообщившее информацию, которая помогла предотвратить или пресечь акт терроризма, предоставляет в территориальный орган по месту жительства документы, указанные в подпунктах 2), 4) и 5) пункта 6 настоящих Правил.

6. Территориальным органом в течение десяти рабочих дней со дня возникновения права на вознаграждение в соответствии с пунктом 4 настоящих Правил формируются и направляются в структурное подразделение уполномоченного органа, определенное председателем уполномоченного органа (далее – уполномоченное подразделение), следующие документы:

1) ходатайство территориального органа;

2) копия корешка талона-уведомления;

3) копия вступившего в законную силу обвинительного приговора или постановления суда о применении принудительной меры медицинского характера либо копия постановления о прекращении уголовного дела по основаниям, предусмотренным подпунктами 9), 11) и 12) части первой статьи 35 УПК;

4) копия документа, удостоверяющего личность лица, сообщившего информацию, которая помогла предотвратить или пресечь акт терроризма, с указанием индивидуального идентификационного номера;

5) оригинал справки банка второго уровня с указанием текущего банковского счета лица, сообщившего информацию, которая помогла предотвратить или пресечь акт терроризма. В случае отсутствия текущего банковского счета, лицо самостоятельно открывает текущий банковский счет в любом банке второго уровня.

7. Уполномоченное подразделение в течение десяти рабочих дней со дня поступления всех необходимых документов проверяет их на полноту и достоверность и готовит проект приказа уполномоченного органа о выплате вознаграждения лицу, сообщившему информацию, которая помогла предотвратить или пресечь акт терроризма.

При выявлении в процессе проверки недостатков и неточностей в оформлении документов уполномоченное подразделение возвращает в территориальный орган документы, указанные в пункте 6 настоящих Правил, для устранения ошибок и одновременного уведомления лица, сообщившего информацию, которая помогла предотвратить или пресечь акт терроризма, о причинах и сроках задержки выплаты вознаграждения.

Территориальный орган после устранения недостатков и неточностей повторно направляет в срок до десяти дней документы, указанные в пункте 6 настоящих Правил, в уполномоченное подразделение.

8. После издания приказа уполномоченного органа о выплате вознаграждения территориальным органом осуществляется выплата вознаграждения лицу, сообщившему информацию, которая помогла предотвратить или пресечь акт терроризма, через территориальные подразделения казначейства на его текущий банковский счет в банке второго уровня в течение шестидесяти календарных дней со дня издания приказа о выплате вознаграждения.

9. Территориальный орган уведомляет в трехдневный срок лицо, сообщившее информацию, которая помогла предотвратить или пресечь акт терроризма, о перечислении денежных средств на его текущий банковский счет в банке второго уровня, в установленном законодательством порядке.

---

*(Топиковый материал)*

В соответствии со статьей 9 Закона РК «О противодействии терроризму» предоставление государственным органам информации о готовящихся или совершенных актах терроризма расценивается как исполнение гражданского долга. За информацию, которая помогла предотвратить или пресечь акт терроризма, КНБ РК выплачивается вознаграждение.

При этом постановлением Правительства РК №685 от 9 ноября т.г. утверждены правила установления и выплаты вознаграждения гражданам за информацию, которая помогла предотвратить или пресечь акт терроризма.

Вознаграждение выплачивается одновременно по уголовным делам об акте терроризма по статье 255 Уголовного кодекса РК в размере от 750 до 1000 месячных расчетных показателей (*1 МРП на 2016 год равен 2121 тенге*) в том случае, если в отношении виновного лица вступил в законную силу обвинительный приговор.

Территориальный орган КНБ РК в течение 3 дней уведомляет лицо, сообщившее отмеченную информацию возникновении права на получение вознаграждения.

Выплата вознаграждения производится в течение 60 дней после издания соответствующего приказа, путем перечисления соответствующих денежных средств на банковский счет соответствующего лица. При этом в 3-дневный срок лицо, сообщившее отмеченную информацию, подлежит уведомлению о перечислении денежных средств на его счет.

Необходимо отметить, что лицо не подлежит привлечению к ответственности в случае не подтверждения информации с признаками угрозы акта терроризма, за исключением заведомо ложного сообщения о готовящемся акте терроризма (*ст. 273 УК РК*).

Более подробный механизм установления и выплаты вознаграждения изложены в соответствующих правилах, утвержденных постановлением Правительства РК №685 от 9 ноября т.г.

*Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2016 жылғы «09» қараша  
№ 685 қаулысымен  
бекітілген*

**Терроризм актісін болғызбауға немесе жолын кесуге  
көмектескен ақпарат үшін сыйақы белгілеу  
және төлеу қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Терроризм актісін болғызбауға немесе жолын кесуге көмектескен ақпарат үшін сыйақы белгілеу және төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 9-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және терроризм актісін болғызбауға немесе жолын кесуге көмектескен ақпарат үшін сыйақы белгілеу және төлеу тәртібін айқындайды.

2. Сыйақы төлеу осы мақсатқа терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) тиісті қаржы жылына көзделген бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

**2. Терроризм актісін болғызбауға немесе жолын кесуге  
көмектескен ақпарат үшін сыйақы белгілеу және төлеу тәртібі**

3. Терроризм актісін болғызбауға немесе жолын кесуге көмектескен ақпаратты хабарлаған адамдарға уәкілетті орган сыйақы төлейді.

Сыйақы бір рет төленеді және мынадай тәртіппен белгіленеді:

1) 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (бұдан әрі – ҚК) 255-бабының бірінші және екінші бөліктерінде көзделген терроризм актісі туралы қылмыстық істер бойынша – 750 (жеті жүз елу) айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК);

2) ҚК 255-бабының үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген терроризм актісі туралы қылмыстық істер бойынша – 1000 (бір мың) АЕК.

Терроризм актісін болғызбауға немесе жолын кесуге көмектескен ақпаратты хабарлаған адам сыйақыдан бас тартқан жағдайда, уәкілетті органның аумақтық органына (бұдан әрі – аумақтық орган) тиісті өтініш береді.

4. Терроризм актісін болғызбауға немесе жолын кесуге көмектескен ақпаратты хабарлаған адамға сыйақы беру, егер айыпты адамға қатысты:

1) 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 521-бабына сәйкес медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы сот қаулысы немесе айыптау үкімі заңды күшіне енген;

2) ҚПК 35-бабы бірінші бөлігінің 9), 11) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шыққан жағдайда төленеді.

5. Аумақтық орган терроризм актісін болғызбауға немесе жолын кесуге көмектескен ақпаратты хабарлаған адамға сыйақы алу құқығы туындағаны туралы үш жұмыс күні ішінде хабарлайды.

Терроризм актісін болғызбауға немесе жолын кесуге көмектескен ақпаратты хабарлаған адам тұрғылықты жері бойынша аумақтық органға осы Қағидалардың 6-тармағының 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

6. Аумақтық орган осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес сыйақы алу құқығы туындаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде мынадай құжаттарды қалыптастырады және уәкілетті органның төрағасы айқындаған уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесіне (бұдан әрі – уәкілетті бөлімше) жібереді:

- 1) аумақтық органның қолдау хаты;
- 2) хабарлама талоны түбіртегінің көшірмесі;
- 3) заңды күшіне енген айыптау үкімі немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы сот қаулысының көшірмесі не ҚПК 35-бабы бірінші бөлігінің 9), 11) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмесі;

- 4) терроризм актісін болғызбауға немесе жолын кесуге көмектескен ақпаратты хабарлаған адамның жеке сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесі;

- 5) терроризм актісін болғызбауға немесе жолын кесуге көмектескен ақпаратты хабарлаған адамның ағымдағы банктік шоты көрсетілген екінші деңгейдегі банк анықтамасының түпнұсқасы. Адамның ағымдағы банктік шоты болмаған жағдайда, өзі кез келген екінші деңгейдегі банкте ағымдағы банктік шотын ашады.

7. Уәкілетті бөлімше барлық қажетті құжаттар келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде олардың толықтығы мен дұрыстығын тексереді және терроризм актісін болғызбауға немесе жолын кесуге көмектескен ақпаратты хабарлаған адамға сыйақы төлеу туралы уәкілетті орган бұйрығының жобасындайындайды.

Тексеру процесінде құжаттарды ресімдеуде кемшіліктер мен дәлсіздіктер анықталған кезде уәкілетті бөлімше осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды қателіктерді жою және онымен бір мезгілде терроризм актісін болғызбауға немесе жолын кесуге көмектескен ақпаратты хабарлаған адамға сыйақы төлеуді кешіктіру себептері мен мерзімдері туралы хабарлау үшін аумақтық органға қайтарады.

Аумақтық орган кемшіліктер мен дәлсіздіктер жойылғаннан кейін он күн ішінде осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды уәкілетті бөлімшеге қайта жолдайды.

8. Уәкілетті органның сыйақы төлеу туралы бұйрығы шығарылғаннан кейін аумақтық орган сыйақы төлеу туралы бұйрық шыққан күннен бастап алпыс күнтізбелік күн ішінде терроризм актісін болғызбауға немесе жолын

кесуге көмектескен ақпаратты хабарлаған адамға қазынашылықтың аумақтық бөлімшелері арқылы оның екінші деңгейдегі банктегі ағымдағы банктік шотына сыйақыны төлеуді жүзеге асырады.

9. Аумақтық орган терроризм актісін болғызбауға немесе жолын кесуге көмектескен ақпаратты хабарлаған адамға заңнамада белгіленген тәртіп пен оның екінші деңгейдегі банктегі ағымдағы банктік шотына ақшалай қаражаттың аударылғаны туралы үш күн ішінде мәлімдейді.

---

*(Қысқаша мәтін)*

«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9- бабына сәйкес дайындалып жатқан немесе жасалған терроризм актілері туралы ақпаратты мемлекеттік органдарға беру азаматтық борышты орындау болып бағаланады. Терроризм актісін болғызбауға немесе жолын кесуге көмектескен ақпаратты хабарлаған адамдарға ҚР ҰҚК сыйақы төлейді.

Бұл ретте ҚР Үкіметінің ағымдағы жылғы 9 қарашадағы №685 қаулысымен терроризм актісін болғызбауға немесе жолын кесуге көмектескен ақпарат үшін сыйақы белгілеу және төлеу қағидалары бекітілген.

Сыйақы айыпты адамға қатысты ҚР Қылмыстық кодексінің 255-бабымен терроризм актісі туралы қылмыстық істер бойынша айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайда, 750 ден бастап 1000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (2016 жылға арналған бір АЕК 2121 теңге) бір рет төленеді.

ҚР ҰҚК аумақтық органы терроризм актісін болғызбауға немесе жолын кесуге көмектескен ақпаратты хабарлаған адамға сыйақы алу құқығы туындағаны туралы 3 күн ішінде хабарлайды.

Сыйақы төлеу тиісті ақшалай қаражатты хабарлаған адамның банк шотына аудару жолымен тиісті қаулы шыққаннан кейін 60 күн ішінде жүргізіледі. Бұл ретте аталған ақпаратты берген адам 3 күн ішінде оның шотына ақшалай қаражат аударылғаны туралы хабардар етілуге тиіс.

Берілген терроризм қауіпі белгілері бар ақпарат расталмаған жағдайда, дайындалып жатқан терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабардан (ҚР ҚК 273-бабы) басқа, хабарлаған адамның жауапкершілікке тартылмайтындығын атап өткен жөн.

Сыйақы белгілеудің және төлеудің неғұрлым толық тетігі ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 9 қарашадағы №685 қаулысымен бекітілген қағидаларында жазылған.